

**Алға аудандық мәслихатының 2018 жылғы 1 наурыздағы № 151 "Алға ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелерін арттыру туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 120 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 29 желтоқсанда № 26181 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Кодексінің 509 бабының 5 тармағына және Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Алға аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алға аудандық мәслихатының "Алға ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелерін арттыру туралы" 2018 жылғы 1 наурыздағы № 151 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-3-153 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Алға аудандық  
мәслихатының хатшысы

М. Тулеуов